

ISSN (Print) 2616-7263
ISSN (Online) 2663-1261

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov Eurasian
National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР сериясы

TECHNICAL SCIENCES AND TECHNOLOGY Series

Серия **ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ И ТЕХНОЛОГИИ**

№4(129)/2019

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

*Бас редакторы Мерзадинова Г.Т.
т.ғ.д, проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*Бас редактордың орынбасары Жусупбеков А.Ж.
т.ғ.д, проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*Бас редактордың орынбасары Тогизбаева Б.Б.
т.ғ.д., проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

*Бас редактордың орынбасары Сарсембаев Б.К.
т.ғ.к., доцент, Назарбаев университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

Редакция алқасы

Акира Хасегава	проф., Хачинохе технологиялық институты, Хачинохе, Жапония
Акитоши Мочизуки	проф., Токусима Университеті, Токусима, Жапония
Базарбаев Д.О.	PhD, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақстан
Байдабеков А.К.	т.ғ.д., проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Дер Вэн Чанг	проф., Тамкан Университеті, Тайбэй, Тайвань
Жардемов Б.Б.	т.ғ.д., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Жумагулов М.Г.	PhD, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Йошинори Ивасаки	проф., Геологиялық зерттеулер институты, Осака, Жапония
Калякин В.Н.	проф., Делавэр Университеті, Ньюарк, АҚШ
Тадатсугу Танака	проф., Токио Университеті, Токия, Жапония
Хое Линг	проф. Колумбия Университеті, Нью-Йорк, АҚШ
Утепов Е.Б.	PhD, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қазақстан
Чекаева Р.У.	а.к., проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Шахмов Ж.А.	PhD, доцент., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Юн Чул Шин	проф., Инчеон ұлттық университеті, Инчеон, Оңтүстік Корея

*Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтбаев к-сі, 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 402 б.
Тел: +7 (7172) 709-500 (ішкі 31-428). E-mail: vest_techsci@enu.kz*

Жауапты хатшы, компьютерде беттеген: А. Нұрболат

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы.
ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР сериясы
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" ШЖҚ РМК
Мерзімділігі: жылына 4 рет
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018ж.
№16991 -ж тіркеу куәлігімен тіркелген
Тиражы: 25 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі 12/1
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел: +7 (7172)709-500 (ішкі 31-428). Сайт: <http://bultech.enu.kz>

Editor-in-Chief **Gulnara Merzadinova**

Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief **Askar Zhussupbekov**

Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief **Baglan Togizbayeva**

Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief **Bayandy Sarsembayev**

Assoc. Prof., Nazarbayev University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Editorial Board

Akira Hasegawa	Prof., Hachinohe Institute of Thechnology, Hachinohe, Japan
Akitoshi Mochizuki	Prof., University of Tokushima, Tokushima, Japan
Daniyar Bazarbayev	Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Auez Baydabekov	Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Rahima Chekaeva	Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Der Wen Chang	Prof., Tamkang University, Taipei, Taiwan (ROC)
Eun Chul Shin	Prof., Incheon National University, Incheon, South Korea
Hoe Ling	Prof., Columbia University, New York, USA
Viktor Kaliakin	Prof., University of Delaware, Newark, Delaware, USA
Zhanbolat Shakhmov	Assoc.Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Tadatsugu Tanaka	Prof., University of Tokyo, Tokyo, Japan
Yelbek Uteпов	Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Yoshinori Iwasaki	Prof., Geo Research Institute, Osaka, Japan
Bolat Zardemov	Doctor of Engineering, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Mihail Zhumagulov	Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan

Editorial address:

2, Satpayev str., of. 402, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan,
010008

Tel.: +7 (7172) 709-500 (ext. 31-428), E-mail: vest_techsci@enu.kz

Responsible secretary, computer layout: Aizhan Nurbolat

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University.

TECHNICAL SCIENCES and TECHNOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct "L.N. Gumilyov Eurasian National University" Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Periodicity: 4 times a year

Registered by the Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan

Registration certificate №16991-ж from 27.03.2018. Circulation: 25 copies

Address of Printing Office: 12/1 Kazhimukan str., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan 010008

Tel: +7 (7172) 709-500 (ext.31-428). Website: <http://bultech.enu.kz>

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор Мерзадинова Г.Т.

д.т.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Зам. главного редактора Жусупбеков А.Ж.

д.т.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Зам. главного редактора Тогизбаева Б.Б.

д.т.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Зам. главного редактора Сарсембаев Б.К.

к.т.н., доцент, Назарбаев университет, Нур-Султан, Казахстан

Редакционная коллегия

Акира Хасегава	проф., Технологический институт Хачинохе, Хачинохе, Япония
Акитоши Мочизуки	проф., Университет Токусима, Токусима, Япония
Базарбаев Д.О.	PhD, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Казахстан
Байдабеков А.К.	д.т.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Дер Вэн Чанг	проф., Тамканский Университет, Тайбэй, Тайвань
Жардемов Б.Б.	д.т.н., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Жумагулов М.Г.	PhD, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Йошинори Ивасаки	проф., Институт геологических исследований, Осака, Япония
Калякин В.Н.	проф., Делаверский Университет, Ньюарк, США
Тадатсугу Танака	проф., Токийский Университет, Токио, Япония
Хое Линг	проф., Колумбийский университет, Нью-Йорк, США
Утепов Е.Б.	PhD, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Казахстан
Чекаева Р.У.	к.а., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Шахмов Ж.А.	PhD, доцент, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Юн Чул Шин	проф., Инчхонский национальный университет, Инчхон, Южная Корея

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, каб. 402

Тел: +7(7172) 709-500 (вн. 31-428). *E-mail:* vest_techsci@enu.kz

Ответственный секретарь, компьютерная верстка: А. Нурболат

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева.

Серия ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ И ТЕХНОЛОГИИ

Собственник: РГП на ПХВ "Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева" МОН РК

Периодичность: 4 раза в год

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан

Регистрационное свидетельство №16991-ж от 27.03.2018 г.

Тираж: 25 экземпляров. Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1,

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Тел.: +7(7172)709-500 (вн.31-428). Сайт: <http://bultech.enu.kz>

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ. ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР сериясы**
№4(129)/2019

МАЗМҰНЫ

<i>Ақишев К.М., Арынгазин К.Ш., Карпов В.И.</i> Техногенді қалдықтарды пайдалану және IDEF1X әдіснамасын қолдануда отырып құрылыс бұйымдарын өндіру технологиясының ақпараттық-логикалық моделінің сипаттамасы	8
<i>Арынов К.К.</i> Астана қаласының мұражайлары мен көрме кешендерінің сәулеті	16
<i>Баубек А.А., Жумагулов М.Г., Картджанов Н.Р.</i> Кұйынды жанармай құрылғысын сынау	23
<i>Бекібаев Т.Т., Жапбасбаев У.К., Кенжәлиев Б.К., Рамазанова Г.И.</i> «Ыстық» айдаудың энергия үнемдеу режимдерін зерттеу	28
<i>Дюсенов К.М.</i> Басқарылатын кавитация процестері негізінде жылу генераторларының энергетикалық тиімділігінің кейбір мәселелері	35
<i>Мерзудинова Г.Т., Сейдеметова Ж.С., Абдуллаев С.С., Абдуллаева А.С.</i> «Клиент–тасымалдаушы» логистикалық ортасында жүк тасымалдарын ұйымдастыру және бақылау бойынша ақпараттық кеңістікті құрудың кейбір сұрақтары	42
<i>Мұғтаров Ә.Қ., Ниязбекова Ж.Т.</i> Бактериалды целлюлоза продуцентін бөліп алу, зерттеу, идентификациялау	48
<i>Муканова Б.Г., Рақишева Д.С.</i> 2D локалдық енгізбесі бар рельефті орта үшін интегралдық тендеулер әдісі	56
<i>Оразбаев Б.Б., Сантеева С.Ә., Жумадиллаева А.К., Оразбаева К.Н., Курмангазиева Л.Т.</i> Аймақты экономика-математикалық модельдеу негізінде экологиялық орнықты басқару және дамыту	67
<i>Садькова С.Б., Умирзаков Р., Мергалимова А., Картджанов Н.Р.</i> Қайнаған қабатта астықты кептіруге арналған қондырғының құрылымын және процестің заңдылықтарын әзірлеу	78
<i>Ниязбекова Р.К., Джексембаева А.Е.</i> Феррит қалдықтарының құрамдастыру құрамының сапасы және екінші шикізат материалын стандарттау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеуге қатысты физикалық және механикалық қасиеттерінің әсерін зерттеу	85
<i>Искаков К.Т., Муканова Ж.А., Баранчук К.И., Оралбекова Ж.О., Омарханова Д.Ж.</i> Георадар деректері бойынша дабылдың деректер базасының сипаттамалары мен интерфейсі	91
<i>Усенов А.К., Жақупова А.Е., Сексенбаева Р.Б.</i> Дәнекерленген қосылыстардың механикалық сипаттамаларын бағалау әдістемелері	101
<i>Утепов Е.Б., Қазжеев А.Б., Азат М.А.</i> Өздігінен тығыздалатын бетон сынақтары түрлерін әлемде және Қазақстанда енгізудің алдыңғы қатарлы тәжірибелері мысалдарын зерттеу әдістемесі	110

**BULLETIN OF L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY.
TECHNICAL SCIENCE AND TECHNOLOGY SERIES**

№4(129)/2019

CONTENTS

<i>Akishev K.M., Aryngazin K.Sh., Karpov V.I.</i> Description of the information-logical model of technology of production of building products using industrial waste and the IDEF1X methodology	8
<i>Arynov K.K.</i> Architecture of museums and exhibition complexes Of the city of Astana	16
<i>Baubek A.A., Zhumagulov M.G., Kartjanov N.R.</i> Testing of the vortex burner device	23
<i>Bekibayev T.T., Zhapbasbayev U.K., Kenzhaliev B.K., Ramazanova G.I.</i> Investigation of energy-saving modes of "hot" pumping	28
<i>Dyussenov K.M.</i> Some issues of energy efficiency of heat generators based on controlled cavitation processes	35
<i>Merzadinova G.T., Seidemetova Zh.S., Abdullayev S.S., Abdullayeva A.S.</i> Some issues of creation of information space for organization and control of cargo transportation in logistics environment «Client-carrier»	42
<i>Mukhtarov A.K., Niyazbekova Zh.T.</i> Selection, research and authentication of bacterial cellulose	48
<i>Mukanova B.G., Rakisheva D.S.</i> Integral equations method for relief host medium with 2D local inclusion	56
<i>Orazbayev B.B., Santeyeva S.A., Orazbayeva K.N., Kurmangaziyeva L.T.</i> Ecological sustainable development and management of the region based on economic and mathematical modeling	67
<i>Sadykova S.B., Umirzakov R., Mergalimova A., Kartjanov N.R.</i> Development of the plant design for drying grain in a fluidized bed and the regularities of the process	78
<i>Niyazbekova R. K., Jexembayeva A.Y.</i> Study of the impact of physical and mechanical properties of ferrit wastes on the quality of repair mixtures and development of recommendations for the standardization of secondary raw materials	85
<i>Iskakov K.T., Mukanova Zh.A., Baranchuk K.I., Oralbekova Zh.O., Omarkhanova D. Zh.</i> Characteristics and the interface of the signal database according to GPR data	91
<i>Ussenov A.K., Zhakupova A.Y., Seksenbaeva R.B.</i> Methods of evaluation of mechanical characteristics of brazed joints	101
<i>Uteпов Y e.B., Kazkeyev A.B., Azat M.A.</i> Research methodology of testing types of the self-compacting concrete and examples of advanced experience of its implementation in the world and in Kazakhstan	110

ВЕСТНИК ЕВРАЗИЙСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА. СЕРИЯ ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ И ТЕХНОЛОГИИ

№4(129)/2019

СОДЕРЖАНИЕ

<i>Акишев К.М., Арынгазин К.Ш., Карпов В.И.</i> Описание информационно-логической модели технологии производства строительных изделий с использованием техногенных отходов и применением методологии IDEF1X	8
<i>Арынов К.К.</i> Архитектура музеев и выставочных комплексов города Астана	16
<i>Баубек А.А., Жумагулов М.Г., Картджанов Н.Р.</i> Испытания вихревого горелочного устройства	23
<i>Бекибаев Т.Т., Жапбасбаев У.К., Кенжалиев Б.К., Рамазанова Г.И.</i> Исследование энергосберегающих режимов «горячей» перекачки	28
<i>Дюсенов К.М.</i> Некоторые вопросы энергетической эффективности генераторов теплоты на основе управляемых процессов кавитации	35
<i>Мерзалинова Г.Т., Сейдетметова Ж.С., Абдуллаев С.С., Абдуллаева А.С.</i> Некоторые вопросы создания информационного пространства по организации и контролю перевозок грузов в логистической среде «Клиент-перевозчик»	42
<i>Мухтаров А.К., Ниязбекова Ж.Т.</i> Выделение, исследование и идентификация бактериальной целлюлозы	48
<i>Муқанова Б.Г., Ракишева Д.С.</i> Метод интегральных уравнений для рельефной вмещающей среды с 2D локальным включением	56
<i>Оразбаев Б.Б., Сантеева С.Э., Жумадиллаева А.К., Оразбаева К.Н., Курмангазиева Л.Т.</i> Экологически устойчивое развитие и управление регионом на основе экономико-математического моделирования	67
<i>Садькова С.Б., Умирзаков Р., Мергалимова А., Картджанов Н.Р.</i> Разработка конструкции установки для сушки зерна в кипящем слое и закономерности процесса	78
<i>Ниязбекова Р.К., Джесембаева А.Е.</i> Исследование влияния физико-механических свойств ферритных отходов на качество ремонтных смесей и разработка рекомендаций для стандартизации вторичного сырья	85
<i>Искаков К.Т., Муқанова Ж.А., Баранчук К.И., Оралбекова Ж.О., Омарханова Д.Ж.</i> Характеристики и интерфейс базы данных сигнала по данным георадара	91
<i>Усенов А.К., Жакупова А.Е., Сексенбаева Р.Б.</i> Методики оценки механических характеристик паяных соединений	101
<i>Утепов Е.Б., Казкеев А.Б., Азат М.А.</i> Методология исследования типов испытаний самоуплотняющегося бетона и примеров передового опыта его реализации в мире и в Казахстане	110

А.К. Усенов, А.Е. Жакупова, Р.Б. Сексенбаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: asanusenov463@gmail.com, mira7906@mail.ru, akimjan5@mail.ru)*

Дәнекерленген қосылыстардың механикалық сипаттамаларын бағалау әдістемелері

Аңдатпа: Мақалада дәнекерленген қосылыстарды сынау барысында олардың механикалық сипаттамаларын бағалау мәселесі қарастырылған. Дәнекерленген қосылыстардың статикалық беріктігін анықтау мен тігіс дәнекерінің түйіспелі беріктенуін бағалау барысында есепке алынатын көрсеткіштердегі сәйкессіздігі көрсетілген. Дәнекерленген қосылыстардың циклдік беріктігін анықтауға арналған үлгілерде туындайтын қалдықты кернеулерді зерттеу мен құрамындағы қымбат түсті металдардың қолданылуын барынша төмендетуге ерекше назар аударылған.

Түйін сөздер: дәнекерлеу, кернеу, дәнекер, кірістірме, дәнекер тігісі, стержень, дәнекерленген қосылыс, айқассалын, ию моменті, кедергі моменті, беріктік.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7263-2019-129-4-101-109>

Кіріспе. Бүгінгі таңда дәнекерлеу ғарыштық салада, атап айтқанда, зымыран қозғалтқыштарының қосылыстарын жасауда ерекше орын алып отыр [1]. Дегенмен, ғарыштық сала үлкен шығындарды талап ететін жауапкершілігі жоғары сала болғандықтан ол салада қолданылатын кез-келген құрылғылар мен тәсілдердің, оның ішінде дәнекерленген қосылыстардың да сенімділігі жоғары деңгейде болуы тиіс [2]. Бұл мәселені қарастыратын болсақ, дәнекерлеу процестерін жетілдірудің маңызды бағыты дәнекерлеу қосылыстарының жұмыс істеу қабілеттілігінің сипаттамаларын арттыру болып табылады, бұл өз кезегінде оларды сынау әдістемелерін жетілдіруді талап етеді.

Зымыран қозғалтқыштарының құбыр желілерін жасау кезінде капиллярдық дәнекерлеудің түйістірілген және қабаттастырылған құрылымдық қосылыстары қолданылады [3]. Түйіспелі дәнекерленген қосылыстар «жұмсақ дәнекердің» болуына қарамастан дәнекерленген бұйымдарда кеңінен қолданыс таба алады [4]. Түйіспелі дәнекерленген қосылыстардың беріктігі жағдайлардың көбінде негізгі материалға қарағанда төмен болады. Бұл дәнекерлі жік металлы беріктігінің төмен болуымен түсіндіріледі. Түйіспелі дәнекерленген қосылыстар дәнекерленгеннен кейін иілімге немесе қалыптауға ұшырайтын, сонымен қатар статикалық немесе динамикалық кернеулер астында жұмыс істейтін бұйымдарда қолданылуға ұсынылмайды және де сирек қолданылады.

Алайда, олар әлдеқайда кең қолданылатын дәнекерленген қосылыстардың басқа түрлерінің құрамына кіретін маңызды элементтері болып табылады. Оларға жапсырма қолданылған қосылыстар мен сатылы және тарақтық типті түйіспелі қосылыстар жатады [3, 5].

Түйіспелі дәнекерленген қосылыстар кернеу астында жұқа дәнекері бар пісірілген қосылыстар секілді жұмыс істейді [6]. Ондай қосылыстардың кернеу астындағы жұмыс істеуі кезіндегі ерекшеліктер негізгі металл мен дәнекерленген қосылыс тігісінің жұқа дәнекеріндегі материал қасиеттерінің айырмашылығымен түсіндіріледі. Себебі, дәнекердің ағымдылық шегі және серпімділік модулі, дәнекерленетін конструкциялық материалға қарағанда төмен болып келеді. Ондай қосылыстың кернеу астындағы жұмысы кезінде дәнекер материалы беріктендіріліп, оның беріктік сипаттамалары айтарлықтай артады. Серпімділік модульдеріндегі айырмашылық салдарынан осьтік деформация барысында дәнекер диаметрі қосылатын өзектерге қарағанда әлдеқайда көп кішірейеді де, соның салдарынан дәнекер негізгі металл жағынан радиалды, сондай-ақ шеңберлі бағыттарда созылуды сынайды. Осылайша, түйіспелі дәнекерленген қосылысты сынау кезінде дәнекер материалында σ_z , σ_r және σ_t құрауыштарымен сипатталатын үш осьті созылу іске асырылады. Соның нәтижесінде, дәнекер материалының ағымдылық шегі артып, илемділігі төмендейді.

Аппроксимациялардың біріне [3] сәйкес осындай қосылыстардың беріктік шегі келесідей анықталады (сур. 1):

$$\sigma_z = \sigma_T^M \left(\frac{\pi}{4} + \frac{1}{3\sqrt{3}} \times \frac{R}{\delta_{\text{жд}}} \right), \quad (1)$$

мұндағы σ_T^M – еркін бір осьтік созылу кезіндегі дәнекер материалының ағымдылық шегі; R – өзек радиусы; $\delta_{\text{жд}}$ – жұмсақ дәнекер қалыңдығы.




Рисунок 1 – Дәнекері жұмсақ түйіспелі дәнекерленген қосылысты созылуға сынау сұлбасы

Капиллярлы дәнекерлеуге тән қалыңдығы жұқа дәнекерлер үшін (1) формуласы бойынша есептеулер нәтижелері шынайы сипатқа сәйкес келмейді. Мысалы, дәнекер қалыңдығы $\delta_{\text{жд}}=0,08$ мм-ге, ал өзек радиусы $R=6$ мм-ге тең болға жағдайда түйіспелі дәнекерленген қосылыс беріктігі дәнекер материалының ағымдылық шегінен 15 есе артық болуы тиіс. Ал іс жүзінде, беріктену дәрежесінің төмендеу деңгейде болуы салдарынан түйіспелі дәнекерленген қосылыстардың беріктілік шегі қолданылатын дәнекерлердің беріктілік шегінен 2,5-3 есе ғана артық болып келеді [3]. Нәтижесінде, есептік нәтижелердің эксперименталдық деректерге нашар ұқсастығы салдарынан авторлар [7] осьтік қиратушы кернеулердің дәнекердің салыстырмалы қалыңдығына қатынасын $\chi = \delta_{\text{жд}}/R$ құрған кезде жұқа дәнекерлерге сәйкес келетін бөлігінде қисық сызықты горизонталды түзу сызықпен алмастырған болатын (сур. 2).




Рисунок 2 – Орташа осьтік қиратушы кернеулердің дәнекердің салыстырмалы қалыңдығына тәуелділігі

Жоғарыда айтылып кеткеннің бәрі түйіспелі типті дәнекерленген қосылыстардың салмақ көтеруші қабілетін бағалауда елеулі қайшылықтардың болуын, сондай-ақ осы мәселеге жаңа көзқарастар қажеттілігін көрсетеді.

Материалдың қасиеттерін дұрыс бағалау үшін дәнекерленген қосылыстардың жұмыс істеуге қабілеттілігін бағалау үшін қолданылатын механикалық қасиеттердің (беріктік шегі,

салыстырмалы ұзаруы мен тарылуы) кернеу астындағы күйде пластикалық аймағында анықталып, қатаң сандық есептеуге келмейтінін ескеру қажет. Қазіргі кезде дәнекерленген қосылыстардың қирау процесстерін талдау кезінде беріктік шегі σ_6 мен салыстырмалы ұзару δ негізгі механикалық сипаттамалар ретінде алынады. Дегенмен, бұндай әдіс максималды кернеу - қирауға кедергі шамасын және де ұзару - материалдың қирауға дейінгі максималды деформациялану шамасын көрсететін пластикалығы төмен металдарға қатысты ғана қолданыла алады. Ал, техникада неғұрлым маңызды рөл атқаратын пластикалық металдарға келетін болсақ, олардың максималды шартты және шынайы кернеулері деформацияның әр түрлі моменттерінде туындайды [8]. Сондықтан мындай материалдар үшін σ_6 көрсеткіші шынайы кернеулер диаграммасының орташа ординатасын сипатайды. Ол дәнекерлердің көпшілігіне де қатысты болып табылады.

Бүгінгі таңда түйіспелі дәнекерленген қосылыстардың созылуы жағдайында болатын процестерді талдау кезінде беріктік шегін анықтау үшін сыналған үлгілерде мойыншаның үзілу үрдісіне аз көңіл бөлінуде. Материалдың созылу кезіндегі беріктік шегі, яғни уақыттық кедергісі σ_6 материал шыдай алатын максималды кернеудің оның бастапқы көлденең қимасының ауданына тең екендігі белгілі [9]. Дегенмен, σ_6 үлгіні қиратушы кернеу емес екендігін ескеру қажет. Оның себебін келесідей түсіндіруге болады. Біріншіден, ол көрсеткіш үлгі қирамайтын пластикалық деформация кезеңінде туындайтын кернеумен байланыстырылатындықтан қирау процесіне жатпайды. Екіншіден, бұл көрсеткіште деформация барысындағы үлгінің көлденең қимасы ауданының кішіреюі ескерілмейді. Егер үлгінің қирау моментіндегі созушы күшті алынып, бастапқы көлденең қима ауданына емес, мойыншаның шынайы көлденең қимасы ауданына бөлінсе, материалдың шынайы үзілу кедергісі деп аталатын және σ_6 беріктік шегі көрсеткішінен артық болатын S_Y шамасы алынады. Осылайша, түйіспелі дәнекерленген қосылыстарды жасауда қолданылатын дәнекерлердің беріктік шегі созылу кезіндегі материалдардың шынайы беріктігін бағалауға болмайтын шартты шама екендігіне көз жеткізуге болады. Қарастырылып жатқан түйіспелі дәнекерленген қосылыстың қирау процесі мен онымен қатарласып жүретін түйіспелі нығаю процесстерін талдау үшін көлденең қима ауданының кішіреюі мен сыналатын үлгі деформациясының ұлғаюы ескерілетін шынайы созылу диаграммасын қолдану қажет. Шынайы созылу диаграммасының шартты диаграммадан маңызды айырмашылығы үлгі ұзындығының үздіксіз ұзаруын ескеретін шынайы салыстырмалы ұзару көрсеткіштері мен мойынша аумағында шоғырланатын үлгі деформациялары таралуының біркелкі еместігін ескеруінде жатыр.

Шынайы созылу диаграммасының негізгі параметрлері ретінде шынайы үзілу кедергісі S_Y мен үзілу кезіндегі шынайы ұзару ε_Y алынады. Бұл көрсеткіштердің шамалары стандартты механикалық сынақтары нәтижесінде келесідей анықталынады:

$$S_Y = \frac{P_C}{F_M}, \quad (2)$$

мұндағы P_C – үзілу кезіндегі созушы күштің шамасы; F_M – үлгі үзілуінен кейінгі мойыншаның көлденең қима ауданы.

Мойыншаның көлденең қима ауданы F_M қираған үлгіні өлшеу арқылы анықталады, ал созушы күштің шамасы P_C сынақ өткізу барысында тіркеледі.

Үзілу кезіндегі шынайы ұзару ε_Y өлшемі сынаққа дейінгі және сынақтан кейінгі материал көлемдерін салыстыру арқылы келесі формуламен анықталынады:

$$\varepsilon_Y = \frac{F}{F_M} - 1, \quad (3)$$

Шынайы созылу диаграммасы мен шынайы кернеулердің шартты көрсеткіштерге қарағандағы физикалық мағынасы маңыздырақ болып келеді. Себебі, шартты кернеулер туралы деректер негізінде жасалған қорытындылар қате нәтижелік шешімдерге алып келеді.

Түйіспелі дәнекерленген тігістің жұмсақ дәнекерінің жұмысының кертілген созылмалы үлгінің жақсы әрі терең зерттелген жұмысынан өзгешелігі жоқ [10]. Мұндай үлгілердегі максималды кернеу деформация мен көлденең қима ауданы өзгеруінің (түйіспелі

дәнекерленген қосылыстарда секілді) аз өлшемдері салдарынан қирау моменттеріне сәйкес келеді. Ал қирау моменті σ_6 көрсеткішінен артатын шынайы кернеу арқылы анықталады. Кертiлген пластикалық металл үлгілерінде тiлiк тегiс үлгілерге тән мойыншаның түзіліп, көлденең қима ауданының кішіреюі салдарынан кернеудің азаюына кедергі жасайды. Сондықтан, пластикалық металлдар үшін кертiлген үлгінің берiктiгiн уақыттық кедергімен σ_6 емес шынайы үзілу кедергісімен S_V сәйкестендіру қажет [10]. Нәтижелей келе, созылған кезде мойынша түзілмейтін түйіспелі дәнекерленген қосылыстың берiктiгi да S_V өлшемімен сәйкестендірілуі тиіс деген қорытындыға келуге болады.

Тегіс және кертiлген үлгілердің берiктiгiн салыстыру нәтижелері жағдайлардың көбінде кертiлген үлгілердің берiктiгi тегіс үлгінің S_V өлшеміне жақын екендігін көрсетеді. Мысалы, тереңдігі 1 мм-ден аспайтын дөңгеленген тiлiктерi бар үлгілер үшін. Ал, тiлiк тереңдігі мен ұштары арасындағы радиусы одан артық болса, кертiлген үлгі берiктiгi S_V параметрі бойынша салыстырғанның өзінде тегіс үлгіге қарағанда артық болуы мүмкін [10]. Мысалы, 40ХН2МА болаты үшін тiлiк тереңдігі 2 мм, ал тiлiк ұштарындағы радиусы 0,5 мм-ге тең болған жағдайда $\frac{\sigma_6}{S_V} = 1,1$ мәніне ие болады [10]. Осы жағдайда кертiлген үлгіде туындайтын орташа кернеу тегіс үлгінің S_V көрсеткішінен 10%-ға артық болып келеді. Ондай айырмашылық кертiлген үлгінің орта аймақтарында туындайтын көлемді кернеулі жағдайдың әсерімен түсіндіріледі.

Сонымен қатар, үлгілер формасының [11] механикалық сынақтар нәтижелеріне әсері де ерекше назар аударарлық фактор болып табылады. Еңбекте көрсетілген ақпаратқа сәйкес сыналатын үлгілердің құрамындағы түрлі кернеу концентраторлары төмен-көміртекті болатын берiктiк қасиеттерiн арттыра түседі. Дегенмен, берiктенудің ең жоғары көрсеткішіне диаметрі 18 мм үлгінің орталық бөлігінде жасалған ені 0,4 мм, диаметрі 10 мм кертiк арқылы қол жеткізіледі. Осы жағдайда шартты берiктiк шегі 400 МПа-дан (тегіс үлгі) 640 МПа-ға (кертiлген үлгі) дейін артады. Сонымен қатар, илемділік көрсеткіштерінің төмендеуі де байқалады. Мысалы, шартты тарылу көрсеткіші тегіс үлгілердегі 69%-дан кертiлген үлгілерге тән 22%-ға дейін төмендейді.

χ параметрінің төмен көрсеткіштері кезіндегі дәнекерлердің берiктенуін бағалауға қажет ақпараттың әдебиет көздерінде жоқ екенін айта кеткен жөн болады. Бұл «қалайы-қорғасын дәнекерлері» атты «ГОСТ 21930-76» стандарты секілді қолданыстағы стандарттардың дәнекерлердің механикалық сынақтарын жүргізгенде шынайы үзілу кедергісін анықтауды талап етпеуімен байланысты. Ондай жағдай түйіспелі дәнекерленген қосылыстардың тиімді құрастырылуына кедергі жасап, олардың өнеркәсіпте қолданылу аясын шектейді де дәнекерлеудің дамуына мүмкіндік бермейді.

«ПОС 40» қалайы-қорғасын дәнекерінің механикалық сынақтары ондай дәнекерлерде физикалық берiктенудің болмайтынын және салыстырмалы тарылудың 100%-ға дейін жететінін көрсетті. Бұл S_V көрсеткішін анықтауды күрделендіре түседі. Сынақ нәтижелері жанама және қалыпты кернеу әсерінің әртүрлілігін жоққа шығарып, қирау процесінің екі кезеңге бөлінетінін көрсетті:

1. дайындық кезеңі (зақымдану) – жанама кернеу нәтижесінде туындайды;
2. орнықтылықты жоғалту (көшкіндік қирау) – созылған кернеу нәтижесінде туындайды.

Дәнекерленген қосылыстарды эксплуатациялау барысында олар айнымалы кернеулер астында жұмыс істейтіндіктен, циклдік берiктiк олардың жұмыс істеуге қабілеттілігінің маңызды сипаттамасы болып табылады. Дегенмен, дәнекерленген қосылыстардың циклдік кернеулер астындағы жұмыс істеуге қабілеттілігі әзірше толықтау зерттелмеген және де келтірілген нәтижелер көбінде қате болып келеді.

Дәнекерленген қосылыстардың циклдік берiктiгiн эксперименталды сынақтан өткізумен байланысты сұрақтардың барлығы «ГОСТ 26446-85» стандарты бойынша ережеленеді [12]. Аталып кеткен стандартқа сәйкес өткізілген сынақ ретінде «ГОСТ 26449-85» стандартында [12] ұсынылатын тегіс консольды иілу сызбасы қолданылған дәнекерленген айқас қосылыстардың сынақтарын келтіруге болады. Бұл жерде, сынақ өткізген авторлардың [13] жік галтельдеріндегі жарықтардың айқас көлеміне, галтельдер мөлшеріне, сынау температурасы мен кернеулер шамаларына тәуелсіз түзілетінін анықтағандары назар аударарлық жағдай болып табылады. Мысалы, сынақтардың басқа түрлерінде (мысалы, статикалық созылу

сынақтары кезінде) сынау температурасы мен галтельдер мөлшері, сонымен қатар айқас көлемі мен әсер ететін кернеу шамасы соңғылықты нәтижеге елеулі және шешуші түрде әсер етеді. Бұл мәселені шешу үшін айқас қатпарлы үлгінің иілу кезіндегі жүктелген жағдайының ерекшеліктерін талдап алу қажет (сур. 3).




Рисунок 3 – «ГОСТ 26446-85» стандарты бойынша айқас дәнекерленген қосылыстың консольды иілуге сынағын өткізу сұлбасы

S_1 және S_2 жазықтықтары арасындағы айқассалын маңайындағы қалыпты кернеудің максималды мәні келесі формуламен анықталынады:

$$\sigma_1^{max} = \frac{M_1}{W_1} = \frac{6M_1}{b(2\delta)^2}, \quad (4)$$

мұндағы M_1 – айқассалын маңайындағы максималды ию моменті; W_1 – қиманың кедергі моменті, $W_1 = \frac{bh^2}{6}$; h – айқассалын маңайындағы қима биіктігі, $h = 2\delta$; b – пластина ені; δ – пластиналар қалыңдығы.

Иілудің жүктелген жағдайында σ_1 деп белгіленген (сур. 3) қалыпты кернеулердің таралуы үлгінің беткі жағында кернеулердің максималды мәнге, ал сыналатын дәнекерленген тігісті нөлге тең болуына алып келеді. Сөйтіп, «ГОСТ 26446-85» стандарты ұсынатын жүктелу схемасы сыналатын дәнекерлеу қосылысының негізгі конструктивтік элементі болып табылатын дәнекерлеу тігісінде жұмыс кернеуін туындатпайды да, нәтижесінде негізгі материалдың өзі сыналады. Бұл оның түбегейлі сипатындағы айтарлықтай кемшілігі болып табылады. Сол сияқты, айқассалыннан тыс бөліктерде максималды қалыпты кернеуді келесідей табуға болады:

$$\sigma_2^{max} = \frac{M_2}{W_2} = \frac{6M_2}{b\delta^2}, \quad (5)$$

M_1 және M_2 июші моменттері шамалап алғанда бірдей болғандықтан, галтельдің маңайында туындайтын максималды қалыпты кернеу σ_2^{max} айқассалынға әсер ететін қалыпты кернеудің σ_1^{max} мәнінен 4 есе үлкен мәнге ие болады.

«ГОСТ 26446-85» стандартына сәйкес сынақтар жүргізу кезінде жұмыс кернеулерінің таралуын неғұрлым дәл бағалау және айқассалынның шеттері бойымен қиманың күрт өзгеруімен байланысты кернеулер шоғырлануының әсерін ескеру үшін COSMOS қолданбалы бағдарламасын пайдалана отырып, соңғылықты элементтер әдісімен есептеулер жүргізілген болатын. Бұл есептеу нәтижелері кернеулердің таралуы дәнекерленген қосылыстарда және де дәнекерленген жігі жоқ, пішіні мен мөлшері ұқсас монолитті бөлшектерде іс жүзінде бірдей екенін көрсетті. Басқа сөзбен айтқанда, дәнекерленген тігістің болуы үлгілерді консольды иілу сұлбасы бойынша жүктеу кезінде олардың кернеулі жағдайына әсер етпейді (сур. 4). Осы жағдайда галтельдердің болуы кернеулердің таралуын біршама жеңілдетеді. Бұл 3-суретте көрсетілген және «ГОСТ 26446-85» стандартының талаптарына сәйкес келетін дәнекерлеу

қосылыстарын консольды иілугесынау сұлбасының сыналатын үлгінің дәнекерленген тігісіне төмен деңгейде әсер ететінін тағы бір рет дәлелдейді.




Рисунок 4 – Айқас дәнекерленген қосылыста консольды иілу кезінде туындайтын кернеулер қарқындылығының таралуы

«ГОСТ 26446-85» стандарты бойынша сыналатын айқас дәнекерленген қосылыстардың жүктелу және бекітілу сұлбасы 4-суретке сәйкес бұзылу жарықтарының біріншіден галтель материалында пайда болуы мен дамуын (бұл материал қалыпты кернеулер ең жоғары шамаға жететін бетте орналасқандықтан) алдын-ала анықтайды. Жоғарыда айтылып кеткен ақпараттан консольдік кернеумен берілген көлденең бүгілу сұлбасының ақпараттылығы төмен екендігі және «ГОСТ 26446-85» стандартында қалыптастырылған міндеттерді шешуді қамтамасыз етпейтіні, сондықтан осы сұлбаны айқас дәнекерленген қосылыстардың тозғаннан бұзылуын сынауда пайдалануды орынды деп тануға болмайтындығын көруге болады.

Осылайша, «ГОСТ 26446-85» стандартында қарастырылған пластиналардың айқас дәнекерленген қосылыстарының консольды иілуінің сұлбасы орнына сол стандарт ішінде қарастырылған басқа айналмалы үлгінің иілу сұлбасын қолдану керек екендігіне көз жеткізілді. Ол үшін түсті дәнекерленген металдан (мысалы, мыс) тек кішкентай кірістірме мен стержень жасалған үлгінің құрылымын әзірленіп алынған болатын (сур. 5). Үлгінің қалған элементтерінің болаттан жасалуы сыналатынқымбат түсті металдардың шығынын кемінде 75%-ға қысқартуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, ұсынылған құрылымда стержень мен кірістірменің жалпы осі бекітуші пластиналардың осіне қатысты шамасына жылжи алады (сур. 5). Бұл сыналатын дәнекерлеу тігісіне тек июі ғана емес, сонымен қатар айналмалы моменттің әсер етуі жағдайында сынақ жүргізуге мүмкіндік береді. Айналмалы моменттің кернеуі дәнекерлеу тігісінің шетінде ең жоғары мәнге жетеді (қалыптыкернеу көрсеткіштері де сол жерде максималды мәнге жетеді). Олар, сондай-ақ, симметриялық цикл сұлбасы бойынша өзгереді. Себебі айналу барысында айналдыру моменті өзінің шамасын ғана емес, сонымен қатар бағытын да өзгертеді. Олардың мәнін келесі формуламен есептеуге болады:

$$\tau = \frac{M_{кр}R}{J_n} = \frac{M_{кр}}{W_n}, \quad (6)$$


мұндағы R – стержень радиусы, J_n – стержень қимасының полярлық инерция моменті, W_n – диск қимасының полярлық кедергі моменті.

Циклдің ең жоғары жанама кернеулері мынадай формула бойынша анықталады:

$$\tau_{max} = \frac{16Pe}{\pi D^3}, \quad (7)$$

мұндағы D – стержень диаметрі, $D = 2R$.

Пластина мен үлгі элементтері жасалынатын материалдардың әртүрлілігі оның ішінде қалдықты термиялық кернеулердің туындауына алып келеді. Бұл кернеулер өткізілетін



1, 2 – дискілер; 3 – бекітілім саңылауы; 4 – дәнекерлеу материалдан жасалған стержень;
5 – дәнекерлеу материалынан жасалған кірістірме; 6 – сыналатын дәнекерлеу тігісі;
7 – бекітуші дәнекерлеу тігісі

Рисунок 5 – Кірістімесі бар циклдік беріктікке сынауға арналған үлгі құрылымы

сынақтардың нәтижелерін бұрмаландырып, қатты әсер етуі мүмкін. Сондықтан үлгі құрылымында қолданылатын материалдардың термиялық кеңею коэффициенттерінің айырмашылығымен шартталған қалдықты кернеулер өрісі зерттелген болатын. Нәтижесінде кірістірме қалыңдығының кернеулер шамасы мен олардың таралу сипатына жоғары деңгейде әсер ететіндігі анықталды. Яғни, кірістірме қалыңдығын өзгерту арқылы сыналатын дәнекерлеу тігісінің кернеулі күйін кең ауқымда реттеуге болады. Бұл біртекті дәнекерленген қосылыстарды сынау нәтижелерінің қалдықты термиялық кернеулер өрісімен шартталған бұрмалануын болдырмай, осы типті үлгілерді практикада табысты қолдануға мүмкіндік береді. Қалдықты термиялық кернеулердің циклдік беріктікке әсерін зерттеген кезде қалыңдығы 1 мм аумағында болатын кішігірім кіріспелерді қолданып, сол арқылы 100 МПа-ға дейінгі аралықтағы қалдықты кернеулер туғызу қажет.

Қорытынды

Айналмалы үлгілердің иілуге сынақтарын өткізуге арналған дәнекерленген қосылыстарды зерттеу нәтижесінде келесідей тұжырымдамалар жасауға болады:

- шынайы үзілу кедергісінің дәнекерлердің аса маңызды сипаттамасы екендігі және ол сипаттаманы бүгінгі таңда қолданыстағы стандарттарға түйіспелі типті дәнекерленген қосылыстардың тиімді түрде құрастырылуын жүзеге асыру үшін енгізу қажет;
- айқас түрде дәнекерленген қосылыстардың циклдік беріктікке консольды иілу сұлбасы бойынша сыналуы нәтижесінде «ГОСТ 246446-85» стандартында қойылған мақсаттарға қол жеткізілмейтіндігі салдарынан стандартқа өзгерістер енгізілуі қажет.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кулик В.И., Чичков С.А., Садовский О.И., Илюшкин В.Ю. Специальные сварочные головки для орбитальной сварки неповоротных стыков трубопроводов в ракетно-космической отрасли // Новости материаловедения. Наука и техника. – 2014. – № 5. – С.59-74.
- 2 Солодовников А.В., Акинъшин И.А., Голубятник В.В., Кривоногов А.В. Оценка концепции создания жидкостного ракетного двигателя на основе инновационных технологий // Вестник Самарского университета. Аэрокосмическая техника, технологии и машиностроение. – 2017. – № 2. – С. 127-134.
- 3 Лашко Н.Ф., Лашко С.В. Пайка металлов. – М: Машиностроение, 1977. – 328 с.
- 4 Николаев Г.А. Применение пайки в конструкциях // Пайка: опыт, искусство, наука: сборник докладов научно-технической конференция 1967-2002 гг.: в 2 т. – М.: Альфа Доминанта, – 2005. – Т. 1. – С.17-22.
- 5 Гржимальский Л.Л., Ильевский И.И. Технология и оборудование пайки. – М: Машиностроение, – 1979, – 240 с.
- 6 Николаев Г.А., Киселев А.И. Работа мягкой прослойки паяных соединений // Сварочное производство –1990. – № 12. – С.3-4.

- 7 Бакши О. А., Богомолова А.С. Работоспособность сварных цилиндрических труб с поперечной мягкой прослойкой при осевом растяжении // Сварочное производство – 1969. – № 4. – С.3-4.
- 8 Трофимов В.Н., Карманов В.В., Панин Ю.В., Корионов М.А. Определение остаточных напряжений при одноосной пластической деформации цилиндрического стержня // Вестник Магнитогорского государственного технического университета им. Г.И. Носова. – 2015. – № 2. – С. 48-53.
- 9 Феодосьев В. И. Сопrotивление материалов. – М: Наука, – 1986. – 512 с.
- 10 Фридман Я.Б. Механические свойства металлов. Ч. 2: Механические испытания. Конструкционная прочность. – М: Машиностроение, – 1974. – 368 с.
- 11 Майзель В.С., Навроцкий Д.И. Сварные конструкции. – М: Машиностроение, – 1973. – 302 с.
